

Акциздік бекетінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 652 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12700 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 76 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 26.01.2018 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабының 6-тармағы 4) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 14.04.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. Қоса беріліліп отырған Акциздік постың қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңмен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберілуін, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға орналастырылуын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2015 жылғы 19 қаңтардағы "Акциздік постылардың қызметін

ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы" № 30 бұйрығының (Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесінде № 9777 жарық көрген № 10281 мемлекеттік тізілімде тіркелген құқықтық нормативтік акті) күші жойылсын деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасы Д.Ерғожинға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б.Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2015 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 652 бұйрығымен
бекітілген

Акциздік бекеттердің қызметін ұйымдастыру қағидалары 1 Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Акциздік бекеттердің қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленген және акциздік бекеттердің қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Акциздік бекеттердің өндіру мекенжайы бойынша салық төлеушілердің аумағында немесе лицензияда көрсетілген мекенжай бойынша:

- 1) этил спиртін;
- 2) алкоголь өнімін (сыра және сыра сусындарын қоспағанда);
- 3) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын (бұдан әрі - мұнай өнімдері) тікелей өндіруді жүзеге асыру орындарында орнатылады;
- 4) темекі бұйымдарын.

2 Тарау. Акциздік бекеттердің қызметін ұйымдастыру тәртібі

3. Акциздік бекеттердің қызметін басқару және үйлестіру акцизделінетін тауардарды өндіруді жүзеге асыру орындары бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістер органдарының басшылары жүзеге асырады.

4. Акциздік бекеттердің орналасу орындары мен қызметкерлердің құрамын ұйымдастыру мемлекеттік кірістер органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5. Акциздік бекеттердің жауапты қызметкерлерінің кезекшілік кестелеріне аумақтық Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері (бұдан әрі -

лауазымды қызметкерлер), сонымен қатар, қажеттілік болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) қызметкерлері де енгізіледі.

6. Акциздік бекеттерге кіріп шығу өндірушінің жұмыс регламентіне сәйкес және кезекшілік кестелерге сәйкес кезекшілік кестеге енгізілген лауазымды тұлға жүзеге асырады.

Лауазымды қызметкердің акциздік бекеттерде тұру уақыты осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті уақытына қарай айқындалады.

Акциздік бекеттерде тұру нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес алкоголь өнімдерін және этил спиртін өндірушінің немесе мұнай өнімдерін өндірушінің акциздік бекеттеріне бару акті нысаны бойынша акциздік бекеттерге кіріп шығу актісі жасалады.

7. Акциздік бекеттерде тұрған лауазымды тұлға:

1) "Мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік объектілерінің, мұнай өнімдері базаларының резервуарларын және автожанаармай құю станцияларын (жылжымалы ұлгідегі автожанаармай құю станцияларынан басқа) есепке алтын бақылау аспаптарымен жарақтандыру қағидалары мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 126 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13607 болып тіркелген) және "Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жұз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12219 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес есептеуші бақылау аспаптарының жұмысын;

2) этил спирті, алкоголь өнімі және мұнай өнімдерінің өндірісі, ауыстырылу және өткізу көлемдері туралы деректерді есептеуші бақылау аспаптары (бұдан әрі - ЕБА) арқылы Комитетке беруді;

3) бір жолғы индикаторлық бақылау пломбаларының (бұдан әрі - пломба):
есептеуші бақылау аспаптарына:

пломба қойылған жерлерде (әр айдың 1 және 15 күндері):

ректификациялық бағаналардан ЕБА-на дейін (этіл спиртін өндірушілер үшін);

дайын өнімнің ыдысынан шығуынан ЕБА-на дейін (алкоголь өнімін өндірушілер үшін) бүлінбеуін;

4) өндірушілердің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін есепке алу-бақылау немесе акциздік маркалармен таңбалауды жүзеге асыруды сақтауын тіркейді.

8. Лауазымды тұлға акциздік бекеттерде тұрған кезде:

1) жөндеу жұмыстары, құрал-жабдықтарды ауыстыру жүзеге асырылып жатырған, лицензияның қолдану мерзімі тоқтатылған жағдайда:

- этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру бойынша желілілерді;

- акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін сақтауға арналған үй-жай қоймаларын (лицензияның қолдану мерзімі тоқтатылған жағдайда);

- спирт сақталатын қоймадан алкоголь өнімін өндіруге этил спиртін беру крандарын (бұрандаларын);

- алкоголь өнімдерін өндірушінің араластыру цехындағы кіргізу және шығару құбыр желілерін;

- мұнай өнімдерін араластыруды жүзеге асыратын ұйымдардағы кіргізу және (немесе) шығару құбыр желілерінің крандарын (бұрандаларын);

- бензинді, дизель отынын босату (өткізу) крандарына пломба салады.

2) пломбаның үзілген немесе бүлінген жағдайда (табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындауын қоспағанда):

- үзілген немесе бүлінген жерін тіркейді (суреті, бейнетүсірілімі);

- осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген іс-әрекетті жүргізеді;

- өндірушінің этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндіру, сақтау және өткізу үшін пайдаланатын әкімшілік, өндірістік, қойма, сауда, қосалқы үй-жайын және құрал-жабдықтарын тексереді;

- арнайы тексеру құралдары арқылы алкоголь өнімдерінің есепке алу бақылау таңбаларының (шығарылған өнімінің әрбір түрінен 100 шөлмектен кем емес) шынайылығын ішінара тексеру жүргізеді;

- салық төлеушінің аумағынан шығатын жүк көлік құралдарын қарап тексереді;

- акцизделетін тауарлардың сақтау және өткізу үшін пайдаланатын өндірістік үй-жайлардағы, қоймалардағы дайын өнімдердің қалдығын алады, олар туралы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің қалдықтарын шығаруды нысан бойынша акті толтырады.

3) ЕБА-ның жұмысына санкциясыз араласқан және (немесе) техникалық көру жабдығымен сәйкестендіруге жатпайтын есепке алу-бақылау таңбаларын анықтаған жағдайда;

осы Қағидалардың 8-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-әрекеттерді жүргізеді.

Осы тармақтың 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды тиісті актіні толтырады, толтырылған сэттен бастап бір жұмыс күні мерзімінен

кешіктірмей акцизделетін тауарларды өндіруді жүзеге асыратын жері бойынша мемлекеттік кірістер органының және Комитеттің назарына жеткізіледі.

Лауазымды тұлға қажеттілігіне қарай, осы Қағидалардың 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген іс-шараларды жүргізу үшін, акциздік бекеттердің кестесіне қосумен, Жанама салықтарды әкімшілендіру, ішкі қауіпсіздік басқармасының қызметкерлерін, экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерін тарту туралы өтініш береді.

9. Бір жолғы индикаторлық бақылау пломбаларын қою және алуды лауазымды тұлға жүзеге асырады, ол туралы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пломбаларды қою және/немесе алу актісі жасалады.

10. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде аталған пломбаларды өндірушінің өкілі шешеді.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай фактілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту және тоқтату саласындағы уәкілетті орган растайды.

11. Лауазымды тұлға акциздік бекетінде болған кезден кейінгі жұмыс күні осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акциздік пост бойынша (шарап материалдарынан басқа) этил спирті және (немесе) алкоголь өнімдерін өндіру мен өткізу көлемдері бойынша есепті, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өткізу (жөнелту) көлемдері туралы есепті, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және импорттының көлемдері туралы есепті ақпараттық жүйе арқылы Комитетке беруді қамтамасыз етеді.

12. Лауазымды тұлға акциздік бекетте болғаннан кейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акцизделінетін тауарлардың өндірісі мен өткізуін есепке алу журналын толтырады.

Есепке алу журналы нөмірленеді, тігіледі және тиісті мемлекеттік кірістер органының басшысының қолы қойылып, мөрі басылады.

3 Тарапу. Қорытынды ережелер

13. Акциздік бекеттердің қызметін бақылау ЕБА-ның, акциздік бекетінде болу актісі, сондай-ақ ақпараттық жүйедегі мәліметтерді көрсету арқылы деректерін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Акциздік бекеттердің
қызметін ұйымдастыру
Қағидаларына
1-қосымша

Этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндірушінің акциздік бекетінде болу актісі

№	Күні	Бастапқы келу уақыты	ЕБА-ның зауыттық нөмірі	ЕБА-ның жұмыс істеуі	Этил спиртінің өндірісі бойынша Е Б А көрсеткіші (дал)		Алкоголь өнімінің өндірісі бойынша ЕБА көрсеткіші						Пломба койылған орын	Қойылған пломбалар саны	Бағаласынен
					Иә	Жоқ	Сулы	Сусызы	Желінің №	Алкоголь өнімінің түрі	Көлемі V (литр)	Шөлмекте			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	

Мұнай өнімдерін өндірушінің акциздік бекетінде болу актісі

№	Күні	Бастапқы келу уақыты	ЕБА-ның зауыттық нөмірі	ЕБА-ның жұмыс істеуі	Бензинді (авиациялықтан басқа) және дизель отынының өндірісі мен айналымы бойынша БЕҚ мәліметі			Пломба койылған орын	Қойылған пломба лар саны	Бір жолғы бақылау пломбасының нөмірі	Пломбаның бар болуы	Буда		
					Иә	Жоқ	Е Б А (шығын өлшегіштер, деңгей өлшегіштер)							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

Акциздік бекеттердің
қызметін ұйымдастыру
Қағидаларына
2-қосымша

Акцизделінетін тауарлардың жекелеген түрлерінің қалдығын алу актісі

Мен (бізбен) _____

(Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің (лерінің) лауазымы, болған жағдайда)

_____ қатысуымен
(салық төлеушінің атауы (БСН), салық төлеушінің өкілінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) (ЖСН))

қалдығын алу жүргізілді.

№	Акцизделінетін тауарлардың түрі	Кезеңі (күні, уақыты)		Саны (дал, мың дана, тонна)	Ескерту (алкоголь өнімі үшін-дал, темекі өнімдері үшін – мың дана, бензин және дизель отыны үшін – тонна)
		Басталды	Аяқталды		
1	2	3	4	5	6
1	Спирт				
2	Алкоголь өнімі (сыра және сыра сусынынан басқа), оның ішінде алкоголь өнімдерінің түрлері бойынша				
3	Бензин (авиациялықтан басқа (оның ішінде түрлері бойынша)				
4	Дизель отыны				
5	Темекі өнімдері, оның ішінде темекі өнімдерінің түрлері бойынша				

Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің

Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

(қолы)

Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің

Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

(қолы)

Кәсіпорынның уәкілетті өкілінің

Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

(қолы)

Кәсіпорынның уәкілетті өкілінің

Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

(қолы)

Акциздік бекеттердің
қызметін ұйымдастыру

Қағидаларына

3-қосымша

Пломбаларды қою және/немесе алу актісі

(жасалған күні, уақыты)

Мен (бізбен) _____

(жасалған орны)

(Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің (лерінің) Т.А.Ә. (болған жағдайда)

_____ қатысуымен

(салық төлеушінің атауы (БСН), салық төлеушінің өкілінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) (ЖСН)

_____ (пломба қойылған орны)

(қойылан бір жолғы бақылау пломбасының нөмірі және пломбаның саны)
пломба қойылды немесе алынды.

Пломбаның сақталуына салық төлеуші жауапты болады.

Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің Т.А.Ә.

(болған жағдайда) _____

(қолы)

Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің Т.А.Ә.

(болған жағдайда) _____

(қолы)

Кәсіпорынның уәкілетті өкілінің Т.А.Ә.

(болған жағдайда) _____

(қолы)

Кәсіпорынның уәкілетті өкілінің Т.А.Ә.

(болған жағдайда) _____

(
қолы)

Акциздік бекеттердің қызметін

ұйымдастыру

Қағидаларына

4-косымша

Әкімшілік деректер жинауга

арналған нысаны

Акциздік бекет бойынша этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (шарап өнімінен басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша есебі

20 жылғы жағдай бойынша

Индекс: 1-АОӨЕ

Кезеңділігі: күн сайын

Ұсынады: Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістердің аумақтық органдары

Қайда ұсынылады: ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістердің комитеті

Ұсыну мерзімі: акциздік бекетте болғаннан кейін келесі жұмыс күні

№	p/c БСН-і	Өндіруші мекеменің БСН-і	Өндіруші мекеменің атауы	Күннің басындағы өнім қалдығы	Есепті кезеңде өндірілген этил спирті мен алкоголь өнімі					Спиртті бакылау көрсеткіші	А.	
					Түрі	Өнімнің атауы	Шөлмекте (дана) (алкоголь өнімі мен күйілған шөлмек үшін)	Шөлмектің сыйымдылығы (алкоголь өнімі мен күйілған шөлмек үшін)	Даллда	Спирт көлемін өлшейтін аппараттың нөмірі		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Басқа жақтан келген немесе бұрын өткізілген өнімді кері қайтару						Есептік кезеңде занды және жеке тұлға этил спирті мен алкоголь өнімі				
Өнімнің кіріс түрі (басқа жақтан келген немесе кері қайтарылған)	Түрлері бойынша	Шөлмектің сыйымдылығы (шөлмекке күйілған алкоголь өнімі үшін)	Даллда	Жеткізуші занды және жеке тұлғаның атауы	Жеткізуші занды және жеке тұлғаның атауы	Түрі	Шөлмек данада (шөлмекке күйілған алкоголь өнімі үшін)	Шөлмектің сыйымдылығы (шөлмекке күйілған алкоголь өнімі үшін)	Даллда	А Ж Б
20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

Орындаушы:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда) байланыс телефон

Нысанды толтыру бойынша түсініктемесі осы нысандағы қосымшага келтірілді

Әкімшілік деректер жинауга
арналған нысанға қосымша

**Әкімшілік деректер жинауга арналған нысанды толтыру бойынша
түсініктеме Акциздік бекет бойынша этил спирті және (немесе) алкоголь
өнімінің (шарап өнімінен басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша есебі**
1. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік деректерді жинауға арналған Нысан "Акциздік бекет бойынша этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (шарап өнімінен басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша есебі" (бұдан әрі – Нысан) осы бүйрықпен бекітілген акциздік бекет қызметін ұйымдастыру Ережелерінің 11-тармағына сәйкес өзірленген.

Нысанды енгізудің негізгі мақсаты этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (шарап өнімінен басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша деректерді алу.

2. Акциздік бекетте болғаннан кейінгі келесі жұмыс қуні мемлекеттік кірістер аумақтық органдарының жұмыскерлерімен Нысан толтырылады, ақпараттық жүйе арқылы Нысанды Комитетке береді.

3. Этіл спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (шарап өнімінен басқа) өндіруші кәсіпорындарымен ұсынылған деректер негізінде Нысан толтырылады және ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

4. Нысандагы 1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысандагы 2-бағанда өндіруші мекеменің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6. Нысандагы 3-бағанда өндіруші мекеменің толық атауы көрсетіледі.

7. Нысандагы 4-бағанда қүннің басындағы өнім қалдығы көрсетіледі.

8. Нысандагы 5-бағанда түрі көрсетіледі Есепті кезеңде өндірілген этил спирті мен алкоголь өнімі.

9. Нысандагы 6-бағанда өнімнің атауы есепті кезеңде өндірілген өнім.

10. Нысандагы 7-бағанда шөлмекте (дана) (алкоголь өнімі мен құйылған шөлмек үшін), есепті кезеңде өндірілгені (алкоголь өнімі мен құйылған шөлмек үшін) көрсетіледі.

11. Нысандагы 8-бағанда шөлмектің сыйымдылығы (алкоголь өнімі мен құйылған шөлмек үшін), есепті кезеңде өндірілгені (алкоголь өнімі мен құйылған шөлмек үшін) көрсетіледі.

13. Нысандагы 9-бағанда есепті кезеңде өндірілген өнім даллда көрсетіледі.

14. Нысандагы 10-бағанда спирт көлемін өлшейтін аппараттың нөмірі көрсетіледі.

15. Нысандагы 11-бағанда спиртті есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші - "сұлы" көрсетіледі.

16. Нысандагы 12-бағанда спиртті есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші - "сусыз" көрсетіледі.

17. Нысандагы 13-бағанда құю желісінің нөмірі көрсетіледі.

18. Нысандагы 14-бағанда алкоголь өнімін есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші V (литр) күннің басына көрсетіледі.
19. Нысандагы 15-бағанда алкоголь өнімін есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші шөлмек күннің басына көрсетіледі.
20. Нысандагы 16-бағанда алкоголь өнімін есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші ЕБМ-ң техникалық көру құралымен тексерілгені күннің басына көрсетіледі.
21. Нысандагы 17-бағанда алкоголь өнімін есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші V (литр) күннің сонына көрсетіледі.
22. Нысандагы 18-бағанда алкоголь өнімін есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші шөлмек күннің сонына көрсетіледі.
23. Нысандагы 19-бағанда алкоголь өнімін есептеуші бақылау аспабының көрсеткіші ЕБМ-ң техникалық көру құралымен тексерілгені күннің сонына көрсетіледі.
24. Нысандагы 20-бағанда өнімнің кіріс түрі (басқа жақтан келген немесе кері қайтарылған) көрсетіледі.
25. Нысандагы 21-бағанда басқа жақтан келген немесе кері қайтарылған түрлері бойынша көрсетіледі.
26. Нысандагы 22-бағанда басқа жақтан келген немесе кері қайтарылған шөлмектің сыйымдылығы (шөлмекке құйылған алкоголь өнімі үшін) көрсетіледі.
27. Нысандагы 23-бағанда басқа жақтан келген немесе кері қайтарылған даллда көрсетіледі.
28. Нысандагы 24-бағанда жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
29. Нысандагы 25-бағанда жеткізуши занды және жеке тұлғаның атауы көрсетіледі.
30. Нысандагы 26-бағанда есептік кезеңде занды және жеке тұлғаларға жөнелтілген этил спирті мен алкоголь өнімі түрлері бойынша көрсетіледі.
31. Нысандагы 27-бағанда шөлмек данада (шөлмекке құйылған алкоголь өнімі үшін), есептік кезеңде занды және жеке тұлғаларға жөнелтілген этил спирті мен алкоголь өнімі көрсетіледі.
32. Нысандагы 28-бағандаш шөлмектің сыйымдылығы (шөлмекке құйылған алкоголь өнімі үшін), есептік кезеңде занды және жеке тұлғаларға жөнелтілген этил спирті мен алкоголь өнімі көрсетіледі.
33. Нысандагы 29-бағанда есептік кезеңде занды және жеке тұлғаларға жөнелтілген этил спирті мен алкоголь өнімі даллда көрсетіледі.
34. Нысандагы 30-бағанда алушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

35. Нысандагы 31-бағанда алушы заңды және жеке тұлғаның атауы көрсетіледі.

36. Нысандагы 32-бағанда күннің сонындағы өнімнің қалдығы көрсетіледі.

Акциздік бекеттердің
қызметін ұйымдастыру
Қағидаларына
5-қосымша
Әкімшілік деректер жинауга
арналған нысан

Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өткізу (жөнелту) көлемі туралы есебі

20 __ жылғы _____ жағдай бойынша

Индекс: 2-МӨӨЕ

Кезеңділігі: күн сайын

Ұсынады: Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістердің аумақтық органдары

Қайда ұсынылады: ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістердің комитеті

Ұсыну мерзімі: акциздік бекетте болғаннан кейін келесі жұмыс күні

№	Өндірушінің БСН-i	Өндіруші кәсіп орынның атауы	Мұнай өнімінің түрі	ДСН-код тары	Жөнелтілгені, (тоннада)	Операция коды	Ілеспе жүккүжатының күні	Ілеспе жүккүжатының номірі	Алушының БСН-i
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Орындаушы:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда) байланыс телефон

Нысанды толтыру бойынша түсініктемесі осы нысандагы қосымшага келтірілді

Әкімшілік деректер жинауга арналған нысанды толтыру бойынша
арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректер жинауга арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өткізу (жөнелту) көлемі туралы есебі 1. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік деректерді жинауга арналған Нысан "Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өткізу (жөнелту) көлемі туралы есебі" (бұдан

әрі – Нысан) осы бұйрықпен бекітілген акциздік бекет қызметін ұйымдастыру Ережелерінің 11-тармағына сәйкес әзірленген.

Нысанды енгізудің негізгі мақсаты Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өткізу (жөнелту) көлемі туралы бойынша деректерді алу.

2. Акциздік бекетте болғаннан кейінгі келесі жұмыс қуні мемлекеттік кірістер аумақтық органдарының жұмыскерлерімен Нысан толтырылады, ақпараттық жүйе арқылы Нысанды Комитетке береді.

3. Мұнай өндіруші кәсіпорындарымен ұсынылған деректер негізінде Нысан толтырылады және ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

4. Нысанды 1-бағанда нөмір ретімен көрсетіледі
5. Нысанды 2-бағанда өндірушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
6. Нысанды 3-бағанда өндіруші кәсіпорынның атауы көрсетіледі.
7. Нысанды 4-бағанда мұнай өнімінің түрі көрсетіледі.
8. Нысанды 5-бағанда ДСН-кодтары көрсетіледі.
9. Нысанды 6-бағанда жөнелтілетін мұнай өнімінің саны (тоннада) көрсетіледі
10. Нысанды 7-бағанда операцияның коды көрсетіледі.
11. Нысанды 8-бағанда ілеспе жүккүжаттың қуні көрсетіледі.
12. Нысанды 9-бағанда ілеспе жүккүжаттың нөмірі көрсетіледі.
13. Нысанды 10-бағанда алушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
14. Нысанды 11-бағанда алушы кәсіпорынның атауы көрсетіледі.
15. Нысанды 12-бағанда мұнай өнімін жеткізу мекен-жайы көрсетіледі.
17. Нысанды 13-бағанда жөнелту түрі (теміржол, автокөлік, құбыржелісі арқылы) көрсетіледі.

Акциздік бекеттердің
қызметін ұйымдастыру
Қағидаларына
6-қосымша
Әкімшілік деректер жинауга
арналған нысан

**Темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру,
өткізу (оның ішінде экспорт) және импорттың көлемдері туралы есебі**

20 __жылғы _____ жағдай бойынша

Индекс: 3-АОӨЕ

Кезеңділігі: күн сайын

Ұсынады: Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістердің аумақтық органдары

Қайда ұсынылады: ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістердің комитеті

Ұсыну мерзімі: акциздік бекетте болғаннан кейін келесі жұмыс күні
мың дана

p/c №	Өндірісі	Импорт	Темекі өнімдерін өткізу			
			Барлығы	Отандық өндіріс	Импорт өндірісі	Экспортка
1	2	3	4	5	6	7

Орындаушы:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда) байланыс телефон

Нысанды толтыру бойынша түсініктемесі осы нысандагы қосымшага келтірілді

Әкімшілік деректер жинауга
арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректер жинауга арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме Темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және импорттының көлемдері туралы есебі 1. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік деректерді жинауға арналған Нысан "Темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және импорттының көлемдері туралы есебі" (бұдан әрі – Нысан) осы бүйрықпен бекітілген акциздік бекет қызметін ұйымдастыру Ережелерінің 11-тармағына сәйкес әзірленген.

Нысанды енгізудің негізгі мақсаты темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және иморттының көлемдері туралы бойынша деректерді алу.

2. Акциздік бекетте болғаннан кейінгі келесі жұмыс күні мемлекеттік кірістер аумақтық органдарының жұмыскерлерімен Нысан толтырылады, акпараттық жүйе арқылы Нысанды Комитетке береді.

3. Темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындарымен ұсынылған деректер негізінде Нысан толтырылады және ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында өндірілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында импортталатын темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

7. Нысанның 4-бағанында сатып жіберілген темекі өнімдерінің жалпы саны мың данада көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында сатып жіберілген отандық өндірілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында сатып жіберілген импорттық өндірілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

10. Нысанның 7-бағанында экспортқа сатып жіберілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

Акциздік бекеттердің
қызметін ұйымдастыру
Қағидаларына
7-қосымша

Акцизделінетін өнімдердің өндірісі мен өткізуін есепке алу журналы

Күні	Салық төлеушінің атауы	Салық төлеушінің БСН-і	Акцизделінетін өнімдердің өндірісі және өткізуі (этил спирті мен алкоголь өнімі үшін - далл, темекі өнімі үшін – 1000 дана, бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны үшін – тонна)						Акцизделінетін өнімді өндірушінің жауапты тұлғасының Т.А.Ә. (егер ожеке басын куәландыранғанда құжатта көрсетілсе) жеке колы
			Күннің басындағы қалдық	Бір күнде өндірілгені	Өндіріске жіberілгені	Өндірістік шығындар	Бір күнде өткізілгені	Күн соңындағы қалдық	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10